

Қазақтың дарқан дастарқаны

Национальная кухня казахов
The Kazakh national cuisine



УДК 641/642
ББК 36.997
К 30

Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми кеңесі бекіткен
Утверждено ученым Советом Евразийского национального университета им. Л. Гумилева

Кенжеахметұлы С.
К 30 Қазақтың дарқан дастарқаны = Национальная кухня казахов = The Kazakh national cuisine. – Алматы:
«Алматыкітап баспасы», 2015. – 240 бет, суретті. - Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-01-2607-7

Есімі мен еңбегі көпшілік қауымға жақсы таныс, белгілі этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлының қазақ халқының ұлттық тағамдар мен жеңсік астар және оның ерекшеліктері туралы ғылыми-танымдық бұл жинағы құнды шығарма. Дерегі мен дәйегі мол көркем тілмен жазылған бұл еңбек қазақ елінің кең дарқан дастарқаның танығысы келген әр адамға кеңесші құрал бола алады.

Қазақтың ежелгі ұлттық асы мен тағамдарын әзірлеудің әдіс-тәсілдері, ол туралы әдет-ғұрыптары, ырым, тыйымдары мен түсініктері, сөздіктерінің де қамтылуы кітап бағасы мен құнын арттыра түскен.

Основу книги составляет научно-познавательный труд писателя-этнографа Сеита Кенжеахметулы, имя которого хорошо известно в Казахстане.

В книге описаны казахские национальные блюда, деликатесные продукты, приведены пословицы, цитаты, высказывания. Книга поможет читателям больше узнать о национальной кухне казахского народа.

The famous writer-ethnographer Seit Kenzheakhmetuly, whose name and works are widely known, describes in detail the abundance of Kazakh dastarkhan, national cuisine, its delicatessen and peculiarities. Reliable facts, quotations, and the rich language of this work will help anyone who wishes to know more about Kazakh national culture and way of life.

УДК 641/642
ББК 36.997

ISBN 978-601-01-2607-7

© Кенжеахметұлы С., (мәтіні), 2010
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2010

Сейіт Кенжеахметұлы

Қазақтың дарқан дастарқаны

Национальная кухня казахов
The Kazakh national cuisine



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2015

Мазмұны. Содержание. Content



Даланың дарқан дастарқаны

Ел мен елді татуластыру да, қонақтарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіруді қазақ кең дастарқаны арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен7



Дастархан степей

С древних времен гостеприимство было отличительной чертой казахского народа. Дорогого гостя приглашали к дастархану, усаживали на почетное место и угощали самым лучшим, что было в доме12



Ұннан жасалатын тағамдар

Нанды астың атасы деп бағалаған қазақ халқы оны барлық астан артық санаған. Нан – астың басы, құдіреті әрі символы19

Мучные продукты

Казахи всегда отводили хлебу особое место в питании и очень высоко ценили его. Хлеб в понимании казахского народа – святая пища19



Сүттен жасалатын тағамдар

Қазақтар бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасаған. Олардың көпшілігі қазіргі кезде қазақ дастарқанынан сирек көрінетін жеңсік ас қатарына жатады37

Молочные продукты

Казахи умели делать из молока более ста разновидностей блюд. Из молока готовят жидкие, густые, сладкие, кислые, мягкие, твердые и др. блюда37



Еттен жасалатын тағамдар

Халқымыздың құрметті кісілерге ұсынатын кәделі әрі орны бөлек тағамдарының ең бастысы – қазақша ет. Қазақ халқы төрт түлік етінен басқа шөппен коректенетін дала тағылары мен құстарын да аулап етін жеген59

Мясные продукты

Национальным блюдом казахов всегда считалось и поныне считается «қазақша ет» (мясо по-казахски). Казахи употребляли не только мясо баранины, конины, говядины, верблюжатины, но и мясо архара, горного козла, сайгака, зайца и дичи59



Жеңсік ас және басқа тағамдар

Құрт, май, уыз, құрт көже, келісөк, ірімшік, ежігей, жент, балқаймақ, ақлақ т.б. осы топқа жатады119

Деликатесы и другие продукты

Курт, сливочное масло, молозиво, коже, приготовленное из курта, блюда из пшена, сушеный творог, нежный курт, халва, сливки, свежий творог и др. относятся к деликатесам119

«Ыдысын көріп – асын іш»

Ұлтымыз тұрмысы өмір салтында ас сақталатын ыдыс-аяқтарға ерекше көңіл бөлген. Шеберлер ыдысты тек таза табиғи заттардан жасаған139

Посмотрев на посуду, определи хозяйку
Казахи ценили домашнюю утварь. Народные мастера делали посуду из экологически чистого природного материала139

Салт-дәстүрлер

Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұлт мәдениетінің көрінісі, олар тамақтың дәрежесін көтеріп қана қоймай, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады161

Традиции и обряды, относящиеся к трапезе

Традиции и обряды являются показателями национальной культуры, возвышают пищу, говорят о взаимном уважении людей161

Тамаққа байланысты ырымдар мен

тыйымдар187

Приметы, запреты и народные понятия,

связанные с трапезой189

Мақалдар мен мәтелдер

.....193

Пословицы и поговорки

.....196

Азық-түлік сөздігі

Халықтың азық-түлікке байланысты сөздігі этнографиялық ерекшелігі бар тіліміз бен мәдениетіміздің үзілмес бір бөлігі199

Словарь терминов, относящихся к продуктам питания

Словарь является частью богатого казахского языка и культуры201

Қазақ өлшемдері

Единицы измерения205

Кітапта кездесетін кісі

аттарына түсінік206

Разъяснения к именам людей, встречающимся

в книге206

Пайдаланылған әдебиеттер

.....207

Использованная литература

.....207

The dastarkhan of the steppes208





Ас тасыса қатығы төгілер,
ашу тасыса ақылы төгілер.

Котел перекипит – навар сбежит,
гнев вскипает – разум убегает.

ДАЛАНЫҢ ДАРҚАН ДАСТАРҚАНЫ

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама, құстырар» деген сес, ескертпелер мен мақал-мәтелдер де куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды қазақ кең дастарқан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе әріне, қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып ашық қабак танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

Ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдерге жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындаумен бірге, қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс-тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтардың да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтық әдістері мен амалдарын білген. Осы тамақ сақтау әдіс-тәсілдері ауылдық жерлерде күні бүгінге дейін әлі де қолданылып келеді. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің



шеберлігі мен өнерін үлгі етіп, қалай мадақтауға да тұрарлық. «Ауру – астан» дей отырып, оның ыдысының тазалығына, дәмді пісірілуіне, ең ақыры, тұзының татымына дейін ерекше назар аударған. Жөн-жосық білетін бәйбішелер оған қатаң бақылау жасап отырған. Қай жерге, қай ауылға барсаңыз да осы қарапайым әйелдердің қолынан шыққан ұлт тағамдарының дәмі аузыңнан кетпейді. Бал қымызы, шұрайлы шұбаты, томырылған жент, майы тіл үйіріп, онымен бірге жарқын жүзі мен әдемі әзілдері де жарасып тұрады.

Жомарт әрі ашық қолды халқымыздың ізгі дәстүрінде үйге келген кісіге дәм татырмай жібермейтіні өте жақсы ғұрып. Әрине қай заманда да жұрттың бәрі мыңғыртып мал айдап, май шайнап жүрмеген. Келген кісілерге әркім қолда барын береді. Мұндайда үй иесі ұсынған тағамға менсінбей қарауға болмайды. Дұрыс қонақасы бермеген үйді қонақ сынаса, мұндайда кедей үй иесі қонақты да ұялтып тастайтын болған. Мысалы, Біржан сал шөліккеп келіп бір кедей үйіне ат шалдырады. Бойжеткен қыз салға «қара көже» (әрине бары сол ғой) ұсынады. Біржан астамсып, көжені ауыз тимей қайтарады. Мұндайда қазақтың өжет те айтқыш қыздары қарап қалған ба, қыз да:

Жақсының жейтін асы жая мен жал,
Шығады шын қырсықтан нақ сендей сал.
Дәмнен үлкен дүниеде ешнәрсе жоқ,
Көжеге кекіреймей ерніңді мал! –

дегенде сөзден жығылған ақын:

Жетеді тоқсан жасқа ердің ері,
Атандым ақындықпен Біржан сері,
Қарындас, айтқан сөзің өтіп кетті,
Көжеңді басып-басып әкел бері! –

деп, көжені басына төңкере салған екен.

Қазақ дәм татыруды достықтың, татулықтың, бірліктің, елдіктің сара жолы деп қараған. Бұл дәстүр қазақ халқын мүлде даралап көрсетеді. Жалпы қазақ Азия халықтарының ішінде қонақжайлығымен, мырзалығымен аты кеңінен тараған ашық қолды, жылы жүзді халық екенін айта кеткен жөн. Тек қана тамақ емес, құрметті адамдарға ақ отау, ат-шапан, түйе, күмістеген ер-тоқым, бағалы кісе белбеулер, алмас қару-жарақтар да сыйлап жіберетін мәрттік әдеті тағы бар. Бірақ бұлардың бәрінен бұрын қазақ асқа жол беріп, сәлем-саулықтан соң, алдымен дәм-тұз ұсынған. Халық ұғымында аста кепиет, қасиет, құдірет, кие бар деп түсіндірілген. Шындығында да солай.

Ас, тағам, жалпы қонақасы туралы алыстан тартып айтар болсақ, ата-бабалардан қалған мынадай

аңыз бар. Атамыз Қазақ өзінің Ақарыс (ұлы жүз атасы), Жанарыс (орта жүз атасы), Бекарыс (кіші жүз атасы) атты үш ұлына енші беруге шақырыпты. Сол ұлы атамыз өзінің байлығын (малын, мүлкін) төрт бөлікке бөлген екен дейді. Оның үш бөлігін аталған үш баласына еншіге беріпті. Төртінші бөлігін тағы да үшке бөліп, оны балаларына енші үстіне қосыпты. Сонан кейін алдында жүгініп отырған үш ұлына мынадай өсиет қалдырыпты:

– Балаларым, ата салты бойынша сендерге енші беріп отырмын. Оны өздерің көріп отырсыңдар. Естеріңде болсын бұрынғы өткен ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ұлан-байтақ жер қалдырды. Оны үшеуіңе тағы бөліп беремін. Оңтүстік-шығысты Ақарыс, сен иелен. Ол Ұлы жүз деп аталсын. Орталық және солтүстікті Жанарыс, сен иелен. Ол Орта жүз деп аталсын. Батыс жақты Бекарыс сен басқар. Ол Кіші жүз деп аталсын. Өзім еңбекпен жинаған дүние-мүлкімді, қазынам мен малымды төртке бөліп, төртінші бөлігін тағы да сендерге тең бөліп беремін. Ондағы ойым мынадай: Сендер енші алып бөлек үй болып шыққанмен туыстық қатынастарың, ынтымақтарың мен дәм-тұздарың бөлінбесін. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп». Бұдан былайғы замандарда сендердің ұрпақтарың сапарға шыққанда жолға азық-түлік алып жүрмесін. Әрбір қазақ баласы кез келген үйден ақысыз-пұлсыз қонақасы ішетін болсын. Олар жолда шөлдеп, сусап, қарны ашып жүрмесін. Менің сендерге берген төртінші еншім сол. Сол еншімді менің келер ұрпақтарым ғасырдан-ғасырға жеткізіп, менің осы өсиетімді – бұлжытпай сақтасын, – деп батасын берген екен. Сол заманнан бастап Қазақ атамыздың ұрпақтары әр адамға кең дастарқан жайып, танысын-танымасын қонақжайлылық танытатын әдет-ғұрып қалыптасқан. Демек бұл қасиет біздің халыққа ұлы бабамыздан қалған ізгі жол екен дейді бұрынғы қариялар. Атамыздың осы ұлы ұлағаты күні бүгінге дейін бұлжымастан сақталып келеді. Және қонақжайлылық танытып, дәм-тұз ұсынғанда туыс-туған, бай-кедей, әйел-еркек, жарлы-жақыбай деп бөлмей бірдей дәм ұсынады, төріне отырғызып, үйіне қондырып, қолынан келгенше риза етіп аттандыруға күш салады. Қазақ үйлері дәмді, жақсы тағамдарын өздері де жемей, қонаққа деп әдейі сақтап отырады. Ел ішінде «кісі түсетін үй» деген жақсы сөз бар. Бұл дастарқаны кең, берекелі, қонақжай, тәлім-тәрбиелі әрі таза деген сөз. Сол сияқты «е құдайым, би қыл, би қылмасаң би түсетін үй қыл» дейтін ақ тілегінде осындай үлкен ой жатыр. Мұндай тектілік, зор үлгілі істер кез келген ұлттан табыла бермейді, бұл ақиқат шындық. Сол сияқты қазақ салтында әр адамның жасына, туыстық қарым-қатынасына, беделіне сай

тиісті, ет мүшелері тағы бар. Сонымен бірге әр қазақ өзі дәм татқан үйді қатты құрмет тұтып айтып жүреді. «Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем» деген сөз осыдан шыққан. Ренжісе қалған күнде «дастарқанымнан дәм татып едің ғой» деп салмақ салады немесе «дәм-тұзым атсын» деп қарғайды. Мұның бәрі қазақ өмірінде дәм-тұздың орны ерекшелігін көрсетеді. Сол ерекшеліктердің бірі – дастарқан үстіндегі шынайы таза ұлттық әдеп. Қазақ дәстүрінде дастарқан үстінде яғни тамақ үстінде ерсі қимыл, анайы сөз, өсек, ғайбат айтылмайды, ұрыс болмайды. Мұндайда «дастарқан үстінде отырмыз, тамақ үстінде ондайды айтпа» деп ескерту жасайды. Шындыққа көз жеткізу міне «дастарқан үстінде отырмын» деп нан ұстайды. Жалаңаяқ, жалаңаш отырмайды. Жатып, түрегеліп тұрып, далада, көшеде жүріп келе жатып тамақ ішпейді. Қазақ халқы тағамды міне, осылай бағалап, құрметтеген.

Қазақтың құқықтық заңында да ас пен тамақ ақиқат пен адалдық кепілі ретінде қолданылады. Мысалы, ант берген адам «имандай шыным» деп құран ұстап, нан жеген. Бұл құранды – құдай сөзі деп, нанды – қасиетті ас деп құндаудан шыққан.

Сөйтіп, дәмді ас дайындау және оны әр адамға ақ көңілмен тегін ұсынуы қазақ халқының басқа ұлттардан ұлттық, дарқандық ерекшелігін даралап көрсетеді. Қазақ отбасының қонақ түсірмеуі, лайық қонақасы бермей аттандыруы тек бір ғана отбасы емес, бүкіл халық атына, руға, елге үлкен мін болып саналған. Сол үшін айып та төлеген, бетке басылған, ұялтқан. Ондай сараңдарды ел күлкі қылған, қатты айыптаған. Кейде тапқырлар ата дәстүрі мен өсиетін аяққа басқан сараңдар мен жөн білмейтін адамдарды әдейі шығынға ұшыратып, бетін қайырып, кек алып та отырған. Мысалы, ертеректе басқа елдің бір жігітін сараң бай қонақасы бермек түгілі қондырмай аттандырған. Сараңның «сыбағасын» беріп, тәубесіне келтіріп кек алу үшін ол жігіт келесі ауылға барып, әлгі байды «аттан құлап өлді» деп хабар салған. Ол ауыл тайлы-таяғы қалмай бай ауылына жаназаға аттанады. Одан келесі күні басқа ауылдың ер-азаматтары «ой, бауырымдап» ат қойып келеді. Сөйтіп әлгі сараң бай бірнеше күн бойы «жаназаға» келген ел-жұртқа қонақасы беріп, зор шығынға батқан. Мұндай ата-дәстүрін сыйламағандарды ақындар сөзбен шенеп, шешендер ел алдында ұялтқан. Ата өсиетін, жолын бұзушы ретінде қатты айыпталған. Билер мен ақсақалдар ондайларға ат-шапан айып төлеттірген, кешірім сұратқан.

Өмірде түрлі жайлар бола береді ғой. Мысалы, бір үйге бұрын қиянат жасаған адамдар да жолы түсіп келе қалады. Мұндайда қазақ оларға «кет» демейді. Үйге кіргізеді, қазан көтереді. Бірақ оған жауырын,

кәрі жілік, қарын-қажак сияқты кәдесіз, бағасы төмен мүшелер асып береді. Бұл – сол адамға ескертудің, бұрынғы кешпеген өкпелі, өшті көңілдің белгісі. Оны қонақ та түсінеді, қатты сөз, кінәлау болмайды. Сөйтіп, «шақырылмаған қонақтың сыпырылмаған жерге отыратыны» сияқты, сыйсыз тамақ түрлері арқылы да көп жайды аңғартуға болады.

Сол сияқты көптеген ер-азаматтар өздерінің қонақасы беруде мырзалығымен де аты шыққан. Мысалы, Семейде Құнанбай қажы, Торғайда Иманкүлұлы Әбдірахман қажы, Жетісуда Маман бай ұрпақтары қонақ күтуде аты шыққан жомарт адамдар болған. Сонымен бірге асқа, тамаққа байланысты халықтың «сыбаға», «абысын асы», «қонақасы», «белкөтерер», «қалжа», «бүйрек», «құйрық-бауыр асату», «қымызмұрындық», «соғым басы», «наурыз көже» тағы басқа көптеген ғажайып салт-дәстүрлері қалыптасқан. Мұның бәрі ұлт мәдениетінде тамақтың бағасын арттырудан және сол ас арқылы құрмет пен сыйсияпат жасаудан туған тәрбиелі де мағыналы ұғымдар мен халықтық әдет пен әдеп, жөн-жосықтар, үлгілі жолдардан құралған ізгі істер, айырықша ұлттық қасиеттердің айқын айғағы.

Осы тамаққа байланысты қазақта салт-дәстүрлерден басқа түрлі ұғымдар, тыйымдар, ырымдар, аңыздар, әңгіме, ертегілер, мақал-мәтелдер де өте көп. Ел ішінде «Таңертеңгі асты тастама, кешкі асты бақпа» деген қағида бар. Оның шығу тарихының өзі де тәлімі зор оқиға. Ертеде ханның еріккен бір тоқалы қызметші жігіттердің біріне ғашық болып, оны неше рет оңаша шақырса да жігіт «адал дәм-тұзын татып отырып хан иеме қиянат жасамаймын» деп бас тартады. Бұған өшіккен тоқал оны ханға жамандап, «маған оңашада қол салды» деп өтірік айтып, жылайды. Бұған ашуланған хан жігітті өлім жазасына бұйырады. Әлгі жігітті таңертең бір шаруаға жұмсап, ондағы тұрған жасауылдарға «осында таңертең кім бірінші келсе, соның басын алыңдар» деп бұйырады. Келесі күні әлгі кінәсіз жігіт ханның жұмсаған тапсырмасын орындауға бара жатып, жолда бір қартқа әдейі бұрылып сәлем береді. Қарт оны таңертеңгі асқа отырғызып, дәм татырып, батасын беріп шығарып салады. Жігіттің өлімге бұйырылғанын білген тоқал оның басы қалай кесілгенін көру үшін жігіттің соңынан көрінбей жүріп отырып, жігіттің қарттың үйіне кіріп кеткенін байқамай қалады. Сол бетімен «жігіттің басы ендігі кесілген шығар» деп, белгіленген үйге кіріп барғанда жасауылдар оның басын шауып түсіреді. Сөйтіп әлгі жігіт таңертеңгі асқа отырып, өлімнен аман қалады. Содан бастап қазақ жұрты таңертеңгі асты тастамай, одан міндетті түрде ауыз тиетін болған. Бұл аңыз бүгінге дейін ұмытылмай келе жатыр. Бұл да дәм,

ас жолының қымбаттығын дәлелдейтін халықтық аңыз.

Біздің халқымыз асты үш түрге бөледі. Олар ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет тағамдары) және көк (жеміс тағамдары). Нанды астың атасы деп бағалаған халық оны барлық астан артық санағандықтан оны бұл үш түрге қоспайды. Нанды, оның қиқымын да жерге тастамауы, міне, осындайдан шыққан. «Нанның қиқымын жеген бала бай болады», – деп, балаларға кесілген нанның ұнтағын да тастатпай жегізген және соны жеп өскен балалардың бірі өзіміз. Нанды құрметтеуді бұрынғы ата-аналар балалардың кішкентай кезінен айтып, ескертіп, санасына сіңірген. Ерте, ерте, ертеде адамдар тоқ болып, дандайсығаны сондай, нанды аяққа басып, рәсуалаған екен дейді. Жаратқан иеміз бұған қатты ашуланып: «Жер бетіндегі барлық бидай тұқымын жинап алыңдар, нанның кепіеті сокқандар аштан қырылсын», – деп періштелерге бұйрық беріпті. Сөйтіп жер бетіндегі барлық бидай жиналып алынғанда бір ит табанының астына бір уыс бидай жасырып қалғанын періште байқап қалып, оны алуға барғанда ит жылаған екен дейді: «Жазықты болса адам жазықты ғой, менің не жазығым бар? Мұны алып кетсең менің күшіктерім де, өзім де аштан өлемін ғой. Алла Тағалаға менің өтінішімді жеткізіңдер. Менің енелік және күшіктерім үшін бір уыс бидайды өзіме қалдырсын», – деген екен. Алла Тағаланың мейірімі түсіп, бір уыс бидайды иттің өзіне қалдырыпты. Міне, сол ит сақтап қалған бидай тұқымынан кейін көп астық шығып, көптеген адам баласы аштықтан, өлімнен аман қалған екен. Қазақтың «ит – жеті қазынаның бірі» деуі осыдан қалыпты. Халық салтында асыраған иті өлер алдында иесі оның аузына сары май жағып, нан тығатын әдет осыдан қалған екен. Қаншықтың емшектегі жас күшігін немесе мысықтың соқырын алғанда да, алдымен оның итаяғына ас құйып алуда да бір сыр бар. Мұның бәрі қай жерде болмасын, ас орны мен құдіреті ерекше екенін дәлелдейтін ұлттық ерекшеліктер екенін байқауға болады.

Ас пен тамақтың қадір, құдіретін қосып бейнелей айту мен фразеологиялық сөз тіркестерін өрнектеуде ұшқыр ой мен тағылымды, тәлімді толғаулар мен түйіндер де ұшан-теңіз. Тоқтықты «аузынан ақ май ағып отыр», «ит басына іркіт төгілген заман», ептілікті «майдан қылшық суырғандай», жинақылық пен ұнасымды істі «аяққа құйған астай», үміттенуді «қазан аузы жоғары», кедейлікті «битін сығып, қанын жалап», қымызсыз елді «сабасы керегеге ілулі», жоқшылықты «уызында жарымаған» деген сөздер көп нәрсені аңғартады.

Халық көңіл-күйін білдіргенде де осы асқа байланыстыра немесе соған сүйей айтқан. Мысалы,

қуанғанда, риза болғанда «аузыңа май», қорыққанда «ақсарбас» немесе «жеті нан құдайы», уайымдағанда «ішкен асым батпайды», «тамағымнан ас өтпейді», алаңдаса «май ішкендей болдым», құрметтеу, сыйласу белгісін «ішкен асын жерге қояды», ашу-ренжу белгісін «шалабын шайқады», ынтымақты «айрандай ұйып», кетісу мен араздықты «сүттей іріп», шошынуды «қолынан кесесі түсіп кетті», өркөкіректі «кеудесіне нан пісті» деп, қарғағанда «атау-кереңді іш», «жегенің желкеңнен шықсын», «алғаның ас болмасын» деген сөздерінде астың денсаулыққа да, көңіл күйіне де әсері өте зор екенін білдіретін ой мен түйін бар екенін аңғару қиын емес.

Асқа, жалпы тамаққа байланысты қазақ халқының дінге, тұрмысқа және ата-бабалар өсиетіне байланысты түсініктері мен ырым-тыйымдары тағы бар. Анықтап айтатын болсақ, арам құс пен арам малдың (есек) етін, қабықсыз және жылантекес балықтарды, ит, мысық тиген тамақтарды, доңыздың (шошқаның) етін жемейді. Сол сияқты бұрынғы қазақтар ішімдік ішпеген, тіпті татпаған. Арақты XIX ғасыр аяғында қазақ даласына келген келімсектер ауыздандырған. Ата-бабаларымыздың жоғарыда айтылғандай адамгершілік қасиеті мен тектілігін кейінгі ұрпақтар біліп, ойға түйіп және одан тәлім алып өскен жөн.

Ұлт мәдениеті мен үлгісінде азық-түлік деген ұғым – тағам, тамақ, несібе, ризық, дәм-тұз, нәпақа, ырыс, нәрем, ас-су, қорек деп түрленіп айтылады. Дастарқан, қазан деген сөздер арқылы тағам байлығын көрсетеді. «Дастарқаны кең», «қазаны оттан түспейді» деген сөздер отбасының тамақ берекесін, дәулетін бейнелейді. «Таспен атқанды аспен ат» деген халық қағидасында өте терең мағына, тәлім бар. Өйткені ас – қашанда бірліктің, татулықтың, әділеттің, мәрттіктің, ақиқаттың, азаматтықтың белгісі. Олай болса, қай халық үшін де ас пен тағамның орны ерекше құнды. Өзі дәм татқан үйге қазақ өзін іштей қарыздар санайды, құрметпен қарайды, ұмытпайды. «Бір күн дәм татқан үйге қырық күн сәлем» деген сағынышты сәлемін жолдап отырады. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың өмірі мен тұрмысында, салты мен мәдениетінде ас – оның сән-салтанатын, халықтық-ұлттық қасиетін, дәулеті мен сәулетін, қоғамдық әрі мемлекеттік орнын айқындайтын ұлы әрі ұлағатты көріністерінің айғағы.

Бұл кітапта қазақ ұлттық тамақтарына орай біраз түсініктер мен деректер келтірдік. Алайда мыңдаған жылдар өмір сүрген халқымыздың ас, тағам мәдениеті мен түрлерін толық қамтыдық деп айта алмаймыз. Сол сияқты жасалу жолы бір болғанмен әр жерде әртүрлі аталуы да мүмкін. Сонымен бірге жинақтың бір ерекшелігі мұнда ұмытылып бара жатқан ұлт-

тық тағамдар туралы жазылып, жинақталды. «Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек»,– деп Ұлы Абай айтқандай, соңғы ғасырда қазақ дастарқанында заман ағымына қарай тағам түрлері де өзгерді және байыды.

Біз жоғарыда қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы айттық. Ал XX ғасырдың екінші, үшінші ширегінен бастап қазақ дастарқаны көршілес халықтардың да ұлттық тағамдарымен де байи түсті. Қазір әр үйдің немесе мерекелі күндер мен той дастарқанында адам тәбетін ашатын щи, борщ, рассольник, харчо, лағман, тұшпара, дүнген кеспесі сияқты сұйық тағамдар, мәңті, бифштекс, палау, гуляш, тауық еттерінен, балықтан жасалатын көптеген тағам түрлерін көруге болады. Сондай-ақ күріштен, картоптан, жүгеріден, құмықтан тағы басқалардан жасалған дәмдермен бірге колбаса, сыр, сүзбе, ірімшіктер қойылады. Осылардың арасында кең дастарқанға ажар беретін шоколадтар мен басқа да кәмпиттер мен печенье, әртүрлі ұн сорттарынан әзірленген нан мен тоқаштардың көптеген түрлері, нәрлі сусындар мен жұмсақ шараптар, мәуесі балбыраған жүзім, алма, алмұрт, қауын, қарбыз, өрік пен мейіз, қияр мен помидор басқа да жемістен жасалған салаттар мен тұздықтар ішпей-жемей тойғызады. Міне, осылардың ортасынан ойып орын алған май мен құрт, ірімшік пен ежігей, қазы мен қарта, қымыз бен шұбат қойылғанда дастарқанның сәні ғана емес, тәбеттің де кілті ашылғандай десе де болады.

Демек, тамақ түрлері көбейген сайын, халықтың денсаулығы да, күш-қуаты да, ел берекесі де арта түсетіні сөзсіз. Әр елдің тамақтанып отырғандарға «дәм тәтті болсын», «ас жұғымды болсын» деуінің де негізгі төркіні осында жатыр.

Осы кітап жөнінде ұсыныс, пікірін айтып басқа да ас түрлері мен әдіс-тәсілдерін жеткізетін әр азаматқа күні бұрын алғыс айтамыз.

*Сейіт Кенжеахметұлы,
жазушы, этнограф*



ДАСТАРХАН СТЕПЕЙ

Испокон веков казахский народ среди всех своих жизненных ценностей особое место отводил пище. В казахскую национальную кухню вложена душа народа. В ней отразились его история, обычаи, традиции.

Множество пословиц и поговорок связано с этой темой: «Не будь выше еды», «Просо, пшеница – это пища, а золото, серебро – камни», «Относись к пище бережно, иначе можешь потерять здоровье».

С древних времен гостеприимство было отличительной чертой казахского народа. Дорогого гостя приглашали к дастархану, усаживали на почетное место и угощали самым лучшим, что было в доме. Уставшего, нуждающегося путника сажали на коня, снабжали едой.

В национальной культуре ритуалу угощения отводилась особая роль: каждое блюдо подавалось с определенным значением и к месту. Казахи знали, как с помощью конакасы (конак – гость, ас – угощение) можно было помирить людей, оказать честь уважаемым гостям, сделать «широкий» жест, дать понять о чем-то. За дастарханом казахи состязались в красноречии. Во время трапезы нельзя было сквернословить и говорить о неприятных вещах. Большое внимание уделялось красивой, чистой и целой посуде. Ведь гости через угощение могли судить не только о хозяине, но и о народе в целом.

Казахи не делили гостей по категориям, национальностям и религиозным взглядам, а искренне выражали свое дружелюбие и уважение всем, кто посещал их дом.

За многовековую историю казахский народ накопил огромный опыт обработки и хранения мясной и кисломолочной продукции, которым пользуются до настоящего времени, особенно в аулах.

Готовить еду, запастись ее впрок было обязанностью казахских женщин. Они знали рецепты приготовления множества блюд, и передавали свои знания из поколения в поколение.

Это и медовый кумыс, и пенный шубат, тающая во рту халва (жент), нежный курт и сушеный творог (ірімшік, ежігей), янтарное сливочное масло (сары май) и др.

Помня о том, что «болезнь может возникнуть от некачественной, не чисто приготовленной пищи», казахи особое внимание уделяли чистоте посуды, вкусу еды, количеству соли в ней. Опытные пожилые женщины строго следили за этим.

Куда бы вы ни поехали, в каком бы ауле ни угощались, национальная еда, приготовленная руками простых женщин, имеет неповторимый вкус, тем более, что готовится и подается она гостеприимны-

ми хозяйками, отпускающими остроумные шутки с ясными, улыбающимися лицами. Как же такая еда может не пойти впрок!

По обычаю, зашедшего в дом гостя, казахи не отпускали без угощения. Не у всех была возможность держать скот и подавать к дастархану свежее мясо. Гостю предлагали все, что имелось в доме. В таких случаях нельзя было осуждать угощение хозяина и пренебрегать приготовленной им пищей. Хозяину же, не угостившему гостя, тот мог сделать замечание.

В таких случаях бедный хозяин тоже мог пристыдить гостя.

Как-то Биржан сал, мучаясь от жажды, остановился у одного бедняка. Взрослая дочь бедняка подала салу «қара көже» (похлебку) – то, что было в доме. Биржан, даже не пригубив, возвратил похлебку. Острая на язык, прямолинейная девушка тут же сказала:

Почетные едят жая и жал,
Из вредных получается как ты, сал!
Ты не можешь быть выше еды,
Не зазнавайся, коже пригуби!

Акын, проиграв словесный бой, ответил ей:

Девяносто прожить – не поле перейти,
Прозвали за акынство меня Биржан сери.
Девушка, сразили наповал твои слова,
Взбей коже и подавай сюда!

и выпил коже до дна.

Обязательное угощение казахи считали признаком дружбы, братства, единения. Гостя расспрашивали о его здоровье, здоровье родных и близких.

Следует отметить, что казахи, среди азиатских народов, известны не только своим гостеприимством, но большой щедростью и добродушием. Они могли не только угостить, но и щедро одарить гостя: белой юртой, чапаном, лошастью, верблюдом, серебряной сбруей, драгоценным поясом, алмазным украшением, дорогим оружием.

Еда, в народном понимании, обладала особым даром и силой. С ней связано много поверий.

Один из родоначальников казахского народа, Казах, вызвал трех своих сыновей: Акарыса – предка старшего жуза (ұлы жүз), Жанарыса – предка среднего жуза (орта жүз), Бекарыса – предка младшего жуза (кіші жүз), решив оставить им наследство (енші). Великий предок все свое богатство (скот и имущество) разделил на четыре части. Три части раздал сыновьям, а четвертую разделил еще на три и тоже отдал каждому из сыновей. После чего наказал сыновьям, преклонившим перед ним колени:

– Дети мои, по обычаю предков, каждому из вас даю енші (имущественный надел). Помните о том, что ваши предки оставили вам огромные земли, благодаря «силе своих рук и кончику копья».

Юго-восток, Акарыс, твои земли. Пусть они называются Ұлы жүз (Старший жуз). Центральными и северными землями владей ты, Жанарыс. Пусть они называются Орта жүз (Средний жуз). Западные земли отдаю тебе, Бекарыс. Они будут называться Кіші жүз (Младший жуз).

То, что я нажил своим нелегким трудом, я разделил на четыре части, четвертую часть разделил ещё на три. Все это я оставляю вам. Получив свои наделы, каждый будет жить отдельно, однако родственные отношения сохраняйте и помните, что вы братья – одно целое.

«Если родные дружны, лошадей много, если абысын (жены братьев) дружны, то еды много», – гласит народная мудрость. Отныне пусть ваши дети, выезжая в дальний путь, не везут с собой еду и питье. И каждый путник не мучается в дороге от жажды и голода, а бедняк в любом доме отведаёт угощения. На это я и разделил между вами четвертую часть надела. Пусть этот завет останется в веках в памяти моих потомков и не нарушается никогда». Этими словами мудрец благословил своих детей.

С того самого времени потомки Казаха оказывают гостеприимство каждому, кто войдет в их дом, даже незнакомцу. Эта прекрасная традиция сохранилась до наших дней. Оказывая гостеприимство, людей не делили на богатых и бедных, женщин и мужчин, всех принимали от чистого сердца, пускали на ночлег, сажали на почетное место (төр), старались угодить во всем.

Специально для гостей казахи хранили все самое вкусное. Не у каждого народа есть такие человеческие обычаи.

Пожилым, особо уважаемым людям, казахи подавали мүше (специальное угощение). Каждый с почтением отзывался о том доме, в котором гостил. Об этом говорит народное назидаие: «Сорок дней приветствия тому, у кого гостил один день» («Бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем»). Во время ссоры любовью мог напомнить: «Ведь ты ел с моего дастархана», или мог быть проклят: «Пусть покарают тебя мои хлеб-соль (дәм-тұз)». Это ещё раз говорит о том, какое «почетное место» отводили казахи угощению.

Казахи уделяли большое внимание культуре поведения за дастарханом. По казахским обычаям за трапезой было запрещено говорить бранные слова, сплетничать, ругаться, делать непристойные движения, сидеть босым, с голым торсом. Людям, не придерживающимся этих правил, делали замечания. Для доказательства справедливости своих слов

человек, делающий замечание, мог сказать: «Вот, я сижу за дастарханом» или брал в руки хлеб. Нельзя было принимать пищу стоя, при ходьбе и отвернувшись от дастархана. Этим народ проявлял свое уважение к еде.

По законам степи пища у казахов была неоспоримой гарантией правдивости и честности. Клянувшийся держал в руках Коран и ел хлеб. В данном случае, Коран – слово божье (құдай сөзі), а хлеб – священная еда (қасиетті ас).

Умение приготовить вкусную пищу и подать ее человеку от чистого сердца – это неординарная особенность казахского народа, которая отличает его от других народов. Того, кто не умел принять гостя, угостить его как следует, осуждали. Это считалось недостатком не только одной семьи, но и всего рода (ру). За это платили штраф (айып), стыдили, плевали в лицо, укоряли. Скупых высмеивали. Иногда за пренебрежение к народным традициям, заветам предков, скрягам специально наносили ущерб, давая понять, что они не правы.

Как-то давным-давно одного жигита, приехавшего из дальнего аула, скупой бай не то, чтобы угостить, даже на порог не пустил. Чтобы проучить жадного бая, жигит распространил слух о том, что тот, упав с коня, отправился в мир иной. Весь аул от мала до велика собрался на похороны бая. Несколько дней встречал скряга гостей, прибывающих в его дом, и понес большие убытки.

Тех, кто пренебрегал традициями предков, акыны укоряли острым словцом, стыдили перед всем народом, строго наказывали. Бии и аксакалы заставляли их платить штраф (скотом, одеждой), принародно просить извинения.

В жизни случается всякое. Иногда человек, совершивший нехороший поступок в отношении кого-либо, по воле случая оказывался у него в доме. Хозяин не прогонял гостя и не напоминал о прошлом, а приглашал к дастархану, подавая ему лопатку, голень, рубец и прочее мясо, которое не подают уважаемым гостям. Этим хозяин напоминал о своей обиде. И гость догадывался. Без грубых слов, брани, обвинений все становилось очевидным.

Были среди казахов и такие люди, которые прославились своим гостеприимством и щедростью: в Семипалатинске – кажы Кунанбай, в Тургае – кажы Абдрахман Иманкулулы, в Жетысу – бай Маман и их наследники.

В народе и поныне живы такие прекрасные традиции и обряды, как «абысын асы» (абысын – жены братьев, ас – еда), «қонакасы» (қонақ – гость), «белкөтерер», (бел – дословно поясница, көтерер – поднять), «қалжа» (қалжа – спец. угоще-

ние для роженицы), «бүйрек» (бүйрек – почка), «құйрық-бауыр» (досл. құйрық – курдюк, бауыр – печень), «асату» (букв. – после застолья оставшимся мясом взрослые с ладони угощают детей, подростков, молодежь), «қымызмұрындық» (первый кумыс), «соғым басы» (соғым – заготовка мяса для зимы, басы – начало), «наурызкөже» – (праздничное, специально приготовленное угощение).

Эти традиции являются показателями национальной культуры, возвышают пищу, говорят о взаимном уважении людей.

Помимо обычаев и традиций, связанных с понятием «хлеб-соль», у казахского народа есть и такие понятия, как приметы (ырымдар), запреты (тыйымдар), легенды (аңыздар), рассказы (әңгіме), сказки (ертегілер), пословицы и поговорки (мақал-мәтелдер). Народ говорит: «Утреннюю трапезу не пропусти, вечернюю – не ожидай». История происхождения этого изречения очень интересна.

«Давным-давно избалованная токал (младшая жена) одного хана влюбляется в слугу. Она неоднократно приглашает жигита на тайное свидание. Преданный своему хану юноша отказывается. Обозленная токал жалуется хану, наговаривая на жигита, что он домогался ее. Оскорбленный хан решает убить жигита. Он посылает его якобы по делу, а охранникам приказывает: «Кто утром первым придет, тому отрубить голову!». Утром жигит отправляется выполнять приказ хана. По дороге заходит в дом старца поприветствовать его. Старец угощает жигита утренней трапезой, благословляет его и отправляет в путь. Зная о приказе хана и желая увидеть казнь своими глазами, токал тайно следует за парнем. Однако не замечает, как тот заходит в дом старца. Токал первой добирается до намеченного места. Охранники, следуя приказу хана, отрубают ей голову. Задержавшегося из-за утреннего угощения жигита, смерть обходит стороной». Легенда сохранила свою значимость и поныне.

Казахи делили еду (пищу) на три вида: ак (белая) – молочные продукты, кызыл (красная) – мясные продукты и көк (зеленая) – зелень, овощи и фрукты. Высоко ценя хлеб, они не относили его ни к одному из перечисленных видов. Даже хлебные крошки казахи не выбрасывали, а давали детям, при этом приговаривая: «Кто ест крошки хлеба, тот станет богатым». Меня, автора этой книги, родители учили почитать хлеб с детства. Делая ненавязчивые замечания, они пробуждали мое сознание.

Вот еще одна притча. «В давние времена, когда люди жили в большом достатке, они потеряли уважение к хлебу и стали топтать его ногами. Разгневанный Бог послал к ним своих ангелов с приказом: «Соберите всю пшеницу на земле. Пусть, не знаящие цену хлебу,

умрут от голода!». Ангелы собрали всю пшеницу на земле, но одна собака спрятала горсть зерен под своей лапой. Ангелы решили забрать и эту пшеницу, но собака взмолилась: «Люди виноваты во всем, а не я. Не забирайте у меня пшеницу, а не то я и мои щенки погибнем от голода. Передайте Богу мою просьбу. Пусть он оставит мне эту горсточку пшеницы». Бог, сжалившись, оставил собаке пшеницу. Семена ее спасли множество людей от голода и смерти.

«Собака – одно из семи сокровищ», – гласит народная мудрость («Ит – жеті қазынаның бірі»). Обычно перед смертью хозяин кладет собаке в пасть хлеб с маслом. Перед тем как забрать щенка у собаки или котенка у кошки, их кормят. Все это еще раз подтверждает национальную особенность казахского народа – трепетное отношение к хлебу-соли.

В народе есть множество фразеологизмов, словесных оборотов, показывающих богатство казахского языка. Сытость образно выражали следующими словами: «изо рта течет белое масло», голод – «давят вошь, а кровь слизывают». У кого не было кумыса, говорили: «саба висит на кереге» (саба – посуда для кумыса, шубата, кереге – остов юрты). Подобными фразеологизмами народ выражал свое настроение, состояние души. К примеру, когда человек из чьих-то уст получает хорошую весть, он говорит: «аузыңа май» (досл. «масло тебе в рот»), при сильном испуге – «аксарбас» или «жеті нан құдайы» (спаси меня, бог), при сильном переживании – «тамағымнан ас өтпеді, ішкен асым батпады» («кусочек в горло не лезет»). Уважение выражали следующими словами: «ішкен асын жерге қояды» (букв. даже еду оставлю ради кого-то), злость – «шалабын шайқады, дастарқанын аттап, ыдысын теуіп кетті» (букв. перешагнул через дастархан и пнул посуду), солидарность – «айрандай ұйып отыр» (досл. как заквашенный кефир), ссору – «сүттей іріп» (сравн. как свернувшееся молоко), гордыню – «кеудесінен піскен» (досл. такой гордый, будто в груди печется хлеб). Меткими точными словосочетаниями казахи передавали состояние испуга, слова проклятий. Все эти крылатые народные выражения неизменно показывают, с каким уважением народ относился к еде, как она влияла на здоровье, на настроение.

С давних времен у казахов, согласно религиозным понятиям, сложились определенные запреты в отношении пищи. Например, запрещалось употреблять мясо некоторых видов птицы, осла, змееобразных рыб без чешуи, пищу, тронутую собакой или кошкой. Казахи не ели мясо свинины.

Раньше казахи не употребляли спиртного в чистом виде. Лишь в конце XIX века прибывавшие в казахские степи иноземцы стали завозить спиртные напитки.

Нашему и будущим поколениям следует помнить о законах и традициях предков, чтить и уважать их.

В национальной культуре понятие «продукты питания» передается различными словами: пища, еда, хлеб-соль и т. д. Выражениями «широкий дастархан», «казан не снимают с огня» образно подчеркивали изобилие, гостеприимство дома.

«Того, кто бросил в тебя камнем, закидай едой», – гласит народная мудрость, в которой заложен глубокий смысл. То есть, если человек сделал тебе плохо, не отвечай ему тем же. Лучше ответь добром и человек поймет, что он не прав.

Понятие «хлеб-соль» для казахов всегда было знаком единения, дружбы, справедливости, щедрости, человечности. Казах, который гостил у кого-то и попробовал «хлеб-соль», считает себя должником и никогда об этом не забывает. Он должен передавать «сале́м (приветствие) в течение сорока дней тому, у кого один день угощался».

Одним словом, в жизни и деятельности, традициях и культуре казахского народа выражение «хлеб-соль» было и остается доказательством народной щедрости, доброты и гостеприимства.

В данной книге автор привел и разъяснил немало фактов и понятий, связанных с казахскими национальными блюдами. И все же, охватить весь объем национальной культуры, сложившейся веками в отношении приготовления и значения пищи, невозможно. Здесь описаны блюда, которые называются по-разному в разных местах республики, давно забытые национальные блюда.

Великий Абай говорил: «Все меняется, кроме одного Всевышнего». В наш век дастархан казахов изменился, стал богаче и обильнее. Об этом хорошо знает каждый, и мы решили не акцентировать внимание на этом.

Заранее благодарим тех, кто сможет выразить свои мысли и предложения по поводу данной книги, и дополнить следующие ее издания.

*Сеит Кенжеахметулы,
писатель, этнограф*



